

"Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 265 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 166 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 шілдеде № 3786 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 232 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 15.10.2019 № 232 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 265 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3351 болып тіркелген, 2015 жылдың 17 қазанында "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламенті" деген 6-қосымшасында:

"1. Жалпы ережелер" деген тарауда:

1-тармақтың 1)-тармақшасындағы "халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық)" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Орталықта" деген сөз "Мемлекеттік корпорацияда" деген сөздермен ауыстырылсын;

бүкіл мәтіні бойынша "халыққа қызмет көрсету орталығымен", "Орталыққа", "Орталық", "Орталықтың" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік корпорациясымен", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорация", "Мемлекеттік корпорацияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының "Наркологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламенті" деген 7-қосымшасында:

"1. Жалпы ережелер" деген тарауда:

1-тармақтың 1)-тармақшасындағы "халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық)" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Орталықта" деген сөз "Мемлекеттік корпорацияда" деген сөздермен ауыстырылсын;

бүкіл мәтіні бойынша "халыққа қызмет көрсету орталығымен", "Орталыққа", "Орталық", "Орталықтың" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік корпорациясымен", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорация", "Мемлекеттік корпорацияның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Сәдібековке жүктелсін.

Облыс әкімі

Б.Атамқұлов

Д.А.Сатыбалды

Е.Ә.Садыр

Ұ.Сәдібеков

С.Қ.Тұяқбаев

Қ.Н.Мендебаев